

ӘОЖ 338.36

**ТАУ-КЕН ЖӘНЕ МЕТАЛЛУРГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ЖОБАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ**

Шамбыл Қажыкелді Әділханұлы

koden2000@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Экономика факультетінің 4-курс студенті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Хойч А.

Қазақстан Республикасы – егемендік даму кезеңінде небары 30 жылдан асып бара жатқан жас мемлекет. Дегенмен, жас мемлекет болса да экономикалық өсім мен мемлекеттік дамудың озық үлгілерін көрсетіп, саяси аренада өз тұғырын берік бекіткен мығым мемлекет ретінде әлемге таныта алды. Экономикалық өсім мен жоғарыда аталған жетістіктерге қол жеткізу мақсатында еліміз үшін маңызды мәселелердің бірі – инвестициялар тарту мен инвестициялық менеджментті жүргізу болды. Инвестициялар, ең алдымен, ұлттық экономиканың маманданған салалары: тау-кен ісі мен металлургия өндірісіне стратегиялық

нысанда бағытталғаны, баршаға мәлім. Қазіргі күнге дейін еліміздің жер асты пайдалы қазбаларының мол қорына иеленуі себебінен экономикамыз толыққанды болмаса да, тау-кен және металлургия саласына үлкен деңгейде тәуелді. Осы орайда, еліміздің приоритетті даму салаларының инвестициялық басқару үрдісіндегі басты элементі – инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау – бүгінгі күннің маңызды сауалдарының бірі болып табылады. Ғылыми зерттеу жұмысы аталған мәселе бойынша пайымдаулар мен ұсыныстарды атап көрсетеді. Ескертілетін мәселе, экономикалық маңыздылығы бар статистикалық көрсеткіштерді салыстыру барысында инфляция, валюта бағамы секілді факторлар әсерінен, және де экономикалық құрылымының тым өзешелігіне байланысты көрсеткіштер 2017-2021 жылдары аралығын қамтып алынатын болады.

Кесте - 1. Қазақстан Республикасының тау-кен және металлургия саласының өнімін 2017-2021 жылдары аралығында талдау

№	Көрсеткіш атауы	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгеріс, 2021/2017 ж.	
							+, -	%
1	Жалпы ішкі өнім, млрд.тг.	54 378,9	61 819,5	69 532,6	70 649,0	81 269,2	26 890,4	49,5
2	Жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ долл.	9 247,6	9 812,5	9 812,5	9 121,7	10 292	1 044,4	11,3
3	Тау-кен саласы өнімі, млрд.тг.	11 569	14 877	15 978	11 786	17 809	6 240,2	53,9
4	Қара және түсті металлургия өнімі, млрд.тг.	4 076	4 615	4 965	5 663	7 678	3 602,2	88,4
5	Тау-кен және металлургия саласының жиынтық өнімі, млрд.тг.	15 645	19 492	20 943	17 448	25 487	9 842,4	62,9
6	Тау-кен және металлургия өнімінің ЖІӨ-дегі үлесі, %	28,77	31,53	30,12	24,70	31,36	2,6	

Жоғарыда көрсетілген кестеден, отандық экономиканың 5-жылдық мерзімдегі өсу қарқыны 49,5%-ды құраса, тау-кен ісі 53,9%-ға, металлургия өндірісі 88,4%-ға, ал тау-кен және металлургия кешенінің жиынтық өнімінің 62,9%-ға артқанын анық байқаймыз. Бұл өз кезегінде, еліміздің экономикалық дамуына аталған өнеркәсіп түрінің елеулі түрде әсер етуін ескермегеннің өзінде, тау-кен және металлургия саласының ұлттық экономика өсіміндегі локомотив нысанында дамып келе жатқандығын білдіреді. Тау-кен және металлургия саласының көрсетіліп отырған трендпен дамуына келесідей факторлар әсер етті: электротехника мен машина жабдықтау өнеркәсібінің жаһандық үрдісі негізінде металл мен металл бұйымдарына деген сұраныстың артуы, дүниежүзілік нарықтарда металлургия өнімінің бағасының көтерілуі, Қазақстанда атқарылып келе жатқан индустриялық-инновациялық даму бағдарламалары бойынша жаңа кәсіпорындардың ашылуы мен қазіргі кәсіпорындарының модернизациясы. Қысқа және ортамерзімде баға факторы еліміздің аталған саласының өсуінің басты драйвері болмақ. 2021 және 2022 жылдары орын алып жатқан халықаралық саяси шиеліністер бүкіләлемдік нарықта металлдардың, оның ішінде түсті металл бағаларының күрт өсуіне себеп болып жатыр. Дүниежүзілік деңгейде өршіп жатқан инфляция құбылысы ең алдымен шикізатқа, соның ішінде металл және рудасыз пайдалы қазбалардың бағаларының артуына алып келеді, бұл – сөзсіз орындалатын болжам.

Қарастырылып отырған бесжылдықта тау-кен және металлургия саласының еліміздің жалпы ішкі өнімінен алар үлесі 28,77%-тен 31,36%-ке дейін артуы – жоғарыда аталған факторлардың агрегаттық әсері болып саналады. ЖІӨ-нің үштен бірінің аталған саламен байланыстырылуы, және екінші жағынан металлургия мен кен ісінің туынды салалары болып саналатын: машина жасау, энергетика, химия өнеркәсібін есептелген жағдайында еліміздің экономикасы пайдалы қазбаларды өндіру мен бірінші реттік өңдеуге аса мұқтаж немесе тым жоғары деңгейде тәуелді деген тұжырым шығаруға болады.

Ендігі кезекте, аталған салаларға тартылған инвестицияларды жалпы республикалық инвестициялар тарту көлемімен салыстырып, отандық инвестициялық менеджментіндегі ахуал бойынша біршама сараптама жасақтау қажет.

Кесте - 2. Қазақстан Республикасына 2017-2021 жылдары аралығында тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемі

№	Көрсеткіш атауы	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгеріс, 2021/2017 ж.	
							+, -	%
1	Қазақстан экономикасына құйылған барлық ТШИ, млн. АҚШ долл.	20 960	24 271	24 437	17 180	23 658	2 698	12,9
2	Тау-кен ісіне құйылған ТШИ, млн. АҚШ долл.	10 208,2	13 620,9	13 683,1	8 203,8	9 704,7	-504	-4,9
3	Металлургия өндірісіне ТШИ, млн. АҚШ долл.	4 454,2	2 747,4	2 788,2	2 502,6	4 164,4	-290	-6,5
4	Тау-кен және металлургия саласына құйылған жиынтық ТШИ, млн. АҚШ долл.	14 662,4	16 368,3	16 471,3	10 706,4	13 869,1	-793	-5,4
5	Тау-кен және металлургия саласына тартылған инвестициялардың үлесі, %	70	67,4	67,3	62,3	58,6	-11,3	

Жоғарыда көрсетілген кесте еліміздің 2017-2021 жылдары аралығындағы тау-кен және металлургия саласы бойынша инвестиция тарту ахуалын көрсетеді. Қазақстан экономикасына тартылған ТШИ көлемі 12,9%-өссе, кен өндіру бойынша 4,9%-ке, металлургия бойынша 6,5%-ке, ал жиынтық көлемде екі салаға тартылған ТШИ қаражаты 5,4%-ке кеміген. Аталған тренд белгілі бір нысанда коронавирус пандемиясына дейінгі инвесторлардың аталған салаларға деген қызығушылығының төмендегенін білдірсе, постковидтік жағдайда тау-кен және металлургия саласына деген шетел инвесторларының тікелей инвестициялары сомасы күрт өзгеріп, инвесторлық көңіл-күйдің оң позициямен кенет өзгергенін 2021 жылғы статистикалық оң өзгеріс арқылы байқаймыз. 2021 жылғы статистика мәндерінің оң динамикада өзгеруіне – 2021 жылдың пандемиялық жағдайдың едәуір әлсіреп – транзиттік, транспорт-логистикалық, өзге де орын алатын экономикалық

өзара байланыстардың – қайта жандануы үлкен әсер етті, алайда соңғы жылдары саяси ахуалдың өзгеруі, экономикалық құрылымдарда металл мен шикізатқа деген сұраныстың артуы, металл және кен шикізаты бағасының өсуі инвесторлар үшін аталған салалардың тартымдылығын арттырды.

Инвестициялық ахуал мен инвестициялық менеджменттегі қазақстандық ерекшеліктерін атап өтуде құрылымдық факторды қарастыру маңызды мәселе болып табылады. Осы мақсатта қазақстандық кәсіпорындардың тікелей шетелдік инвесторларына төлеген табысын зерттеу арқылы осы сауалға жауап алуға мүмкіндік аламыз.

Кесте - 3. Қазақстандық кәсіпорындардың 2017-2021 жылдары аралығында тікелей шетелдік инвесторларына төлеген табысы.

№	Көрсеткіш атауы	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж. (9 ай)	Өзгеріс, 2021/2017 ж.	
							+,-	%
1	Қазақстандық кәсіпорындар ТШИ-ларға төлеген табыс, млн.АҚШ.долл	15 361	19 100	20 145	13 028	15 866	505	3,3
2	Тау-кен ісі бойынша төленген табыс, млн.АҚШ.долл	10 641,7	14 271,7	13 953,6	7 448,8	9 243	-1 399	-13,1
3	Металлургия өндірісі бойынша төленген табыс, млн.АҚШ.долл	1 923,2	1 500,6	1 215	1 395	2 083,9	161	8,4
4	Тау-кен және металлургия саласы жиынтық төлеген табыс, млн.АҚШ.долл	12 564,9	15 772,3	15 168,6	8 843,8	11 326,9	-1 238	-9,9
5	Тау-кен және металлургия саласы төлеген табыс үлесі, %	81,8	82,6	75,3	67,9	71,4	-10,4	

Көрсетіліп отырған кестеден қазақстандық кәсіпорындардың тікелей шетел инвесторларына төлеген табысы 3,3%-ға артса да, жиынтық көлемде тау-кен және металлургия кешені бойынша 9,9% теріс динамиканы көреміз. Дегенмен, аталған кестеден ескерілетін мәселе: 2021 жылдың статистикасы тек 9 айды қамтып отыр, 2020 жылғы

мәндерімен салыстыратын болсақ, 2021 жылдың мәндері үлкен оң өзгерісті айқындап отыр. Бұл жағдайда әсер етуші күш ретінде – пандемия жағдайы мен жаһандық экономикалық дағдарысты атап көрсетуіміз тағы қажет. Алайда, кесте бір сауалды айқындайды: Қазақстанға құйылатын инвестициялардың экономикалық қайтарымының 70-80% тек қана тау-кен және металлургия кешенінен алынып отыр. Бұл Қазақстанның шетел инвесторлары үшін көбінесе тау-кен және металлургия саласы арқылы қызығушылық танытады деген тұжырымды жанама көрсетеді. Аталған тұжырымдама өз кезегінде отандық экономиканың инвестициялық менеджментінде тау-кен, металлургияның лидерлік позициясын анықтайды, екінші жағынан инвестиция нысанында «Голланд сырқатының» бір белгісін сипаттайды.

Қазақстандағы инвестициялық климат пен инвестициялық менеджментін қарастырып болғаннан кейін, елімізде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалауды зерттеген жөн. Алдымен, елімізде тау-кен және металлургия кешенінде инвестициялық жобалардың орындалуы мен жүргізілуін қамтамасыз ететін квазимемлекеттік сектордағы инвесторлардың жобаларының орташа диапазондағы, немесе орташа есеппен алынғандағы сол компанияның жобаларына тән тиімділігімен танысуымыз қажет. Инвестициялық жобалардың тиімділігін анықтайтын негізгі көрсеткіштер: жобаның таза келтірілген құны (NPV), жобаның қарапайым (PP) және дисконтталған өтелу (DPP) мерзімдері, жобаның ішкі табыстылық нормасы (IRR).

Кесте - 4. Қазақстанның тау-кен және металлургия саласында қызмет ететін негізгі инвесторлардың жобаларының тиімділігі.

№	Көрсеткіш атауы	«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	«Kazakh Invest» АҚ
1	NPV/жобаның құны, немесе проценттік табыс, %	12,54 (сыйақы)	4-13,7 (сыйақы)	80-120 (NPV)
2	PP, жыл	3-5	5-20	4-21
3	DPP, жыл	3-5	7-20	5-22
4	IRR, %	>13	> r	12-45

Жоғарыда көрсетілген кестелерден тау-кен және металлургия кешенінде жүзеге асырылатын инвестициялық жобалардың тиімділігін анықтау барысында қолданылатын қажетті параметрлардың мәндері үлкен амплитудаға ие. Сондықтан да белгілі бір параметрдың орташа диапазон мәндерін аталған саланың тиімділігін бағалауда қолдану мүмкін еме. Дегенмен, белгілі бір нысанда тау-кен және металлургия саласында орын алған инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалауда келесідей «лимит «шарттар қолдану қажет: біріншіден, жобаның таза келтірілген құнының 0-ден жоғары болғанымен қоса ол жоба құнына қатынасының мәні жоғары болуы қажет немесе сыйақы мөлшерлемесі 10%-тен жоғары мән қабылдауы керек, екіншіден жобаның қарапайым және орташа өтелу мерзімдері ұзақмерзімде немесе стратегиялық нысанда болса өтелу мерзімі 10 жылдан асуы қажет, ішкі табыстылық нормасына 10-50% коридор орнату қажет. Мұндай шарттар, ескеруіміз қажет, тек қана аталған сала бойынша инвестициялық жобалардың тиімділігінің ең минимум деңгейі ғана! Сондықтан да, кен ісі және металлургия өндірісінде төменгі шектеулерді қойып, белгілі бір деңгейде тәуелкелдерден арылуға мүмкіндік аламыз.

Қорытындылай келе, көбінесе, инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалауда жоғарыда көрсетілген 4 критерийлерден бөлек, рентабельділігі мен төлемқабілеттілігі, стресс анализ бен сезімталдылыққа талдаулар жасақталатынын байқаймыз. Бұл талдау түрлері, әрине, жобалар тізімінен ең тиімдісін таңдауға мүмкіндік береді, бірақ инвестициялық жобалардың талдау механизмінде ескерілмей қалатын 3 үлкен нюанс бар: тәуекелдерді сандық нысанда бағалау, табыстылық пен тәуекелдің өзара қатынасы және күтілетін табыстылықтың сызықты формада емес, гиперболалық немесе өзге де қисықсызықтық функция түрінде көрсету. Осындай мәселелер жобаны идеал түрде, я болмаса тек абстрактілі модель сипатында ғана көрсетпей, экономикалық құбылыстардың жан-жақты қарастырылуы

нәтижесінде тірі организм бейнесіне ие болады. Бұл өз кезегінде жобаның басталмай тұрып, пайдалылығы мен тәуекелдерін анағұрлым жғары деңгейдегі объективтілікпен қарастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, NPV. IRR. PP және DPP мәндері оңтайлы болғанымен, кен қазбасының қорының мерзімі өте келе рудалы концентрациясының азаюы, немесе минералдардың әр түрлі генезисына қарамастан «масштаб эффектісі» орын алады деп, сызықтық график траекториясымен өндіріс көлемін ұлғайта беру – әрдайым экономикалық тиімділікке әкеп соқтырмайды. Менің жеке пікірім және ұсынысым: тау-кен және металлургия саласындағы жобалардың тиімділігін бағалауда алдымен кен қазбаларының қорын техникалық және математикалық жолмен зерттеу қажет, кейін жобаның өтімділігі мен рентабельділігі жоғары қазбаларды/металл құймаларын өндіруге бейімделу қабілетін есептеу қажет. Аталған саланың инвестициялық жобаларының тиімділігін бағалауда өндірісті ішінара өзгерту, өндірістің икемділік қасиеті, тәуекелдер негізінде руданың сапалық тозуын алдын-ала болжау, экологиялық зиянының сол өндіріске тигізетін әсерін бағалау сынды сауалдарды зерттеуді қарастырған жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. [Электронды ресурс] – URL: <https://stat.gov.kz/> (дата обращения: 01.04.2022).
2. [Электронды ресурс] – URL: <https://nationalbank.kz/ru> (дата обращения: 01.04.2022).
3. [Электронды ресурс] – URL: <https://www.kdb.kz/kz/> (дата обращения: 01.04.2022).